

Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы жеке тұлғалардың тауарларды, соның ішінде көлік құралдарын да өткізудің тәртібі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 31 жетоксан N 1712. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2001.05.31. N 741 қаулысымен. ~P010741

Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы жеке тұлғалардың тауарлар өткізуіне байланысты мәселелерді ретке келтіру мақсатында, отандық өндірушілердің мүдделерін қорғау қажеттілігіне байланысты және "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 шілдедегі N 2368 Z952368_ Заң күші бар Жарлығының (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 13) негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған мыналар бекітілсін:

Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы жеке тұлғалардың тауарларды өткізу тәртібі туралы ереже;

Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы жеке тұлғалардың көлік құралдарын өткізу тәртібі туралы ереже.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақтың 3-абзацы 1998 жылғы 1 тамыздан бастап күшін жойды - ҚРҰ-нің 1998.06.26. N 608 қаулысымен. P980608_

2. Мыналардың күші жойылған деп танылсын: "Қазақстан Республикасының Кеден шекарасы арқылы жеке тұлғалардың тауарлар, соның ішінде әрі көлік құралдарын өткізудің тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 2 қарашадағы N 1440 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 34, 434-құжат);

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне толықтырулар мен өзгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 13 наурыздағы N 305 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 12, 91-құжат).

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 31 желтоқсандағы
N 1712 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы
жеке тұлғалардың тауарлар өткізудің тәртібі туралы
ЕРЕЖЕ

Жалпы ережелер

1. Жеке тұлғалар Қазақстан Республикасы кеден шекарасы арқылы қолданылып жүрген заңдарға сәйкес, Қазақстан Республикасына әкелуге және әкетуге тыйым салынған тауарларды қоспағанда, кез келген тауарларды өткізе
а л а д ы .

2. Жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының кеден аумағына тауарларды әкелуі мен олардың тауарларды осы аумақтан әкетуі кеден режимдеріне сәйкес кеден баждарын, алымдары мен салықтарын төлеу, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген экономикалық саясат шараларын сақтау шарттарымен жүзеге асырылады.

3. Қазақстан Республикасының кеден аумағына жеке тұлғалар әкелетін акцизделетін тауарлар Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес ресімделеді (таңбаланады).

4. Жеке тұлғалардың тауарларды өткізуінің жеңілдікті тәртібі "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығының 108-бабына сәйкес кеден баждарынан толық немесе ішінара босатуды, салықтардан босатуды, кеден баждарының бірыңғай ставкаларын белгілеуді білдіреді.

5. Кеден баждарынан басқа кеден органдары тауарларды сақтағаны

үшін, сондай-ақ тауарларды ресімдегені үшін, оның ішінде ол үшін белгіленбеген жерлерден тыс және кеден органдарының жұмыс уақытынан тыс, кеден алымдарын алады.

P980927_

6.

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ толықтырылды - ҚРҰ-нің 1997.05.28. N 898 қаулысымен.

P970898_

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ алып тасталды - ҚРҰ-нің 1998.09.21. N 927 қаулысымен.

P980927_

7. Осы Ережеде:

"алып жүрілмейтін қол жүгімен" - тасымалдаушының тасымалдау туралы шарт (қол жүгі түбіртегі, жүк құжаты, коносамент және с.с.) бойынша өткізетін тауарлары;

ЕСКЕРТУ. 7-тармақтың 3 абзацы алып тасталды - ҚРҰ-нің 1998.09.21. N 927 қаулысымен.

P980927_

Жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының кеден аумағына тауарлар әкелуі

8. Жеке адамдардың Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы әкелетін тауарлары (акцизделетін тауарлардан, сондай-ақ ТМД СЭҚ ТН XVII тарауында жіктелген тауарлардан басқа) мына жағдайларда кеден бажынан және кедендік ресімдеу үшін кеден алымдарынан босатылады:

а) жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткен кезде тауарлардың жалпы салмағы 70 килограмнан аспауы шартымен жалпы құны 2000 АҚШ долларына дейін тауарларды әкеле алатындығы;

б) Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға қоныс аударушы жеке

тұлғалардың жеке пайдалануға арналған тауарларды өткізуі кезінде көзделеді.

Бұл ретте кеден органдары алатын салықтар Қазақстан Республикасының салық заңдарына сәйкес қолданылады.

ЕСКЕРТУ. 8-тармақ толықтырылды - ҚРҰ-нің 1997.05.28. N 898 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 8-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚРҰ-нің 1998.09.21. N 927 қаулысымен.

P980927_

9.

ЕСКЕРТУ. 9-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1997.08.01. N 1204 қаулысымен.

P971204_

ЕСКЕРТУ. 9-тармақ алып тасталды, 10-18-тармақтар 9-17-тармақтар болып саналсын - ҚРҰ-нің 1998.06.26. N 608 қаулысымен.

P980608_

9. Осы Ереженің 8-тармағында белгіленген шектеулерден асқан бөлігінде кеден төлемдері мен салықтарын алу, экономикалық саясат шараларын қолдану, жүк жөніндегі кеден декларациясын ұсынуды қоса алғанда, кедендік ресімдеу жалпы қабылданған тәртіппен заң актілеріне және Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне сәйкес жүргізіледі.

ЕСКЕРТУ. 9-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.09.21. N 927

қаулысымен. Р 980927 _

ЕСКЕРТУ. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1998.09.30. N 979

қаулысымен. Р 980979 _

10. Жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелетін тауарлардың кедендік құны мынадай жағдайларда оңайлатылған тәртіппен а й қ ы н д а л а д ы :

а) жеке тұлға ұсынған шетелдік сауда ұйымдарының анықтамаларының, чектерінің, шоттарының, түбіртектерінің, сондай-ақ қол жүгі чектерінің немесе түбіртектерінің негізінде - тасымалдаудың құнын ескере отырып, бұл жағдайда тасымалдау шығыстары тауарлардың әртүрлі атаулары бойынша олардың салмағына сайма-сай бөлінеді;

б) жеке тұлға мәлімдеген, құнын растайтын құжаттар болмаған кезде немесе тауарлардың мәлімделінген құны каталог (анықтама) бойынша ұқсас немесе біртектес тауардың құнынан 20% төмен болған жағдайларда кеден органы әкелінетін тауардың құнын оларды әуежайға, портқа немесе Қазақстан Республикасы кеден аумағының өзге де әкелу орнына дейін жеткізу жөніндегі көлік шығыстарын ескере отырып, каталогтарға (ұсынылатын каталогтар "OTTO", "QUELLE", "NEKERMAN", "NURZFANKREUGE", "ZWEIRAD", "LANDMASCHINEN", "AUTORADIO" және с.с.) сәйкес ұқсас немесе біртектес тауарларға қатысты кеден органында бар бағалық ақпараттың негізінде өз б е т і н ш е а й қ ы н д а й д ы .

11. Кеден декларациясымен бір мезгілде кеден мақсаттары үшін

қажетті құжаттар мен қосымша мәліметтер ұсынылмаған немесе кеден төлемдері мен салықтары төленбеген жағдайларда жеке тұлғалардың әкеле жатқан тауарлары уақытша сақтау қоймаларына орналастырылады.

Тауарларды уақытша сақтау қоймаларында сақтаудың шекті мерзімі екі айды құрайды, ол аяқталған соң, кеден органдары Қазақстан

Республикасының заңдарында көзделген шараларды қолдануға құқылы.

Жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының кеден
аумағынан тауарларды әкетуі

12. Жеке тұлғалардың тауарларды әкетуі, жеке пайдалануына арналған тауарларды қоспағанда, қолданылып жүрген заңдарда көзделген кеден баждары мен алымдарын төлеу арқылы жүзеге асырылады.

13. Осы Ережеге сәйкес кеден баждары мен алымдарын есептеу және төлеу мақсаты үшін Қазақстан Республикасының кеден аумағынан әкетілетін (оның ішінде салынып жіберетін) тауарлардың кедендік құны "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына сәйкес айқындалады.

Жеке тұлғалардың тауарларды уақытша әкелуі
(әкетуі)

14. Жеке тұлғалардың тауарларды уақытша әкелуі (әкетуі) Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

Тауарларды халықаралық почта жөнелтілімімен
Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізу

15. Жеке адамның атына Қазақстан Республикасының кеден аумағына халықаралық почта жіберілімімен жіберілетін, жалпы құны қоса алғанда 200 АҚШ долларына дейін болатын, бірақ 10 килограмнан аспайтын тауарлар кеден баждарынан және ресімдеу үшін кеден алымдарынан босатылады. Бұл ретте, кеден органдары алатын салықтар салық заңдарына сәйкес қ о л д а н ы л а д ы .

ЕСКЕРТУ. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1998.09.21. N 927
қ а у л ы с ы м е н . P 9 8 0 9 2 7 _

16. Жеке тұлғаның кеден аумағынан халықаралық почта жөнелтілімімен салып жіберетін, жалпы құны 200 АҚШ долларына тең сомадан аспайтын, бірақ 10 килограмнан артық емес тауарлары кеден баждарынан босатылады.

ЕСКЕРТУ. 17-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.06.26. N 608
қ а у л ы с ы м е н . P 9 8 0 6 0 8 _

17. Жеке тұлғалардың халықаралық почта жөнелтілімімен салып жіберетін тауарларына қатысты кеден төлемдері мен салықтарын салудың жалпы тәртібі, егер әкелінетін және әкетілетін тауарлардың жалпы құны осы Ереженің 15 және 16-тармақтарында көрсетілген шектеулерден асатын жағдайларда, мұндай асып кеткен бөлігіне қолданылады.

Қазақстан Республикасының Почта ережелеріне және Қазақстан

Республикасының заңдарына сәйкес осындай салып жіберуге тыйым салынған, халықаралық почта жөнелтілімімен салынып жіберетін заттар Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізілуге жатпайды.

ЕСКЕРТУ. 17-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.09.21. N 927 қаулысымен.

P980927_

ЕСКЕРТУ. 17-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.09.30. N 979 қаулысымен.

P980979_

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 31 желтоқсандағы
N 1712 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы
жеке тұлғаларының көлік құралдарын өткізуінің
тәртібі туралы
ЕРЕЖЕ

Жалпы ережелер

1. Осы Ереже сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасының 8703 тауарлар айқындамасында жіктелінетін, жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізетін көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелу және осы аумақтан әкету тәртібін а й қ ы н д а й д ы .

2. Осы Ережеде көзделген жағдайларды қоспағанда, жеке тұлғалардың көлік құралдарын өткізуі Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы тауарларды өткізу үшін белгіленген тәртібіне қатысты олардың кеден режимдеріне сәйкес жүзеге асырылады.

3. Жеке тұлғалар көлік құралдарын (Қазақстан Республикасына әкелуге, Қазақстан Республикасынан әкетуге тыйым салынған көлік құралдарынан басқа) Қазақстан Республикасының кеден заңымен белгіленген талаптарды сақтаған жағдайда Қазақстан Республикасының аумағына әкеле алады және осы аумақтан ә к е т е а л а д ы .

Қазақстан Республикасының кеден аумағына көлік құралдарын әкелу

4. Жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының кеден аумағына көлік құралдарын жеке басына пайдалану үшін әкелетін кезінде жылына бір автомобильден баж төлемінсіз әкелу жөнінде норма белгіленеді, мұндай көліктер отбасы мүшесінің пайдалануына беруді қоспағанда, кедендік ресімдеу сәтінен бастап бір жылдың ішінде иеліктен алынбайды және басқа адамның иелігіне б е р і л м е й д і .

5. Қазақстан Республикасынан тысқары тұрақты тұратын жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының аумағында, бірақ кедендік ресімдеу сәтінен бастап бір жылдан аспайтын уақытқа келген де осы тұлғаның отбасы мүшесіне пайдалануға беруді қоспағанда, осы мерзім ішінде көлік құралы басқа тұлғаға пайдалануға не болмаса оның иелігіне берілмейтін жағдайда, кеден баждары мен салықтарын төлемей-ақ шет мемлекетте (бұрынғы КСР Одағының республикаларын - мемлекеттерін қоса) тіркелген бір көлік құралын уақытша ә к е л е а л а д ы .

6. Осы Ереженің 4, 5-тармақтарында көрсетілген көлік құралдарын иеліктен алуға немесе үшінші тұлғаға пайдалануға беруге: Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген кеден заңдарымен көзделген кеден баждарын, алымдар мен салықтар төленген жағдайда осы тармақтарда белгіленген мерзімдер шегінде жол б е р і л е д і .

7. Кеден одағына қатысушы мемлекет-шыққан елі болып табылатын көлік

құралдарын Кеден одағына мүше мемлекеттерден әкелу кезінде, олар Кеден одағы туралы келісімге сәйкес кедендік ресімдеуге жатады. Тікелей әкелу тәртібі Қазақстан Республикасы Кеден комитетінің нормативтік актілерімен реттеледі.

8. Шет ел тұлғаларының жекелеген санаттарына жеке басының пайдалануы үшін автокөлік құралдарын әкелу кезіндегі жеңілдіктер "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығымен белгіленеді.

Көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кеден аумағынан әкету

9. Жеке тұлғаның, қайта салып жіберуді қосқанда, көлік құралдарын кез келген әдіспен Қазақстан Республикасынан әкетуі кеден баждары мен салықтарын төлемей-ақ жүзеге асырылады.

Жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізетін көлік құралдарын кедендік ресімдеу

10. Жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізетін автокөлік құралдары Қазақстан Республикасының Кеден комитеті белгілеген оңайлатылған тәртіппен декларациялауға жатады.

Кеден баждарын, алымдары мен салықтарын есептеу кеден органдары кедендік ресімдеуге кеден декларациясын қабылдаған күні жүзеге асырылады.

11. Тауарларды алып жүру мен көлік құжаттары, сондай-ақ кедендік құнды анықтауға және кедендік бақылауды жүзеге асыруға қажетті құжаттар кеден органына кеден декларациясымен қоса бір мезгілде ұсынылады.

12. Көлік құралын өткізетін жеке тұлғаның автокөлік құралының кедендік құны белгіленген нысандағы кеден декларациясында мәлімделеді, мәлімделген құнды растау мақсатында көлік құралын өткізуші кеден органына шоттарды, чектерді, анықтамалар мен басқа да нысандағы құжаттарды ұсынады.

Кеден органы құжаттарға сәйкес қарап, (шанақтың, шассидің, қозғалтқыштың) нөмірлерін салыстырғаннан және каталогтар бойынша тексергеннен кейін жеке тұлғаның мәлімдеген автокөлік құралдарының кедендік құнының дұрыстығы жөнінде шешім қабылдауына құқы бар.

13. Жеке тұлғаның мәлімдеген кедендік құнының дұрыстығын растау құжаттары болмаған жағдайда, немесе мәлімделген құнды шынайы емес деуге негіз бар болса, кеден органының өзінде бар бағалық ақпараттың негізінде каталогтарға сәйкес (ұсынылатын каталогтар "SUPERSCHWAKE", "EUPOTAX",

